



БҰЙРЫҚ

5

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 04.01.2024

город Балхаш

Ы.Алтынсарин атындағы №25 жалпы білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы

«Қарағанды облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 9 қарашасындағы хатына сәйкес және Білім беру ұйымының білім беру қызметін өзін өзі бағалауы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығын орындау, 2023-2024 оқу жылы бойынша Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 жалпы білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ы.Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебінің өзіндік бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін төмендегі құрамда мектепшілік комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы:

Мектеп директоры Г.С.Мейрбекова

Құрамы:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Т.Кенжебекова

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Башарова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.М.Жолдасбекова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Мусаханова

Директордың ақпараттық ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Имашова

Директордың шаруашылық қызмет бойынша орынбасары К.Ж.Касатова

Кітапханашы Б.К.Казбекова

Кәсіподақ төрайымы Э.Б.Токтаубаева

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша төмендегі комиссия мүшелеріне тапсырмалар **ЖҮКТЕЛСІН:**

2.1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары С.Т. Кенжебекова мен А.Б.Башароваға:

- Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының құжаттары (жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың оқу бағдарламасына сәйкестігі, ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарының журналдары, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсына іске асырылуы;

- Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

- Жекелей үйде оқыту.

2.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.М. Жолдасбекова мен Д.Ж. Мусахановаға:

- Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы;

- Өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарлары мен есептері;

- «Жолда қауіпсіздік ережелері» міндетті оқу курсына іске асырылуы;

2.3. Директордың ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Имашова мен шаруашылық меңгерушісі - К.Ж.Касатоваға:

- Мектеп-гимназияның материалдық – техникалық базасы, пайдалы оқу алаңы;

- Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер;

2.4. Мектеп кітапханашысы - Б.К. Казбековаға:

- Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер;

- Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер;

2.5. Мектеп медбикесі - М.Ж.Кусембаеваға

- Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер;

- Санитариялық қағидаларға мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер;

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша **А.Б.Башароваға** төмендегі тапсырмалар **ЖҮКТЕЛСІН:**

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылуы;

-тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің нәтижелері;

-мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

-тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

4. Ы.Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында каралып, мектеп ұжымына таныстырылсын.

5. Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау бойынша құжаттары жоспарланған мерзіміне дейін Ы.Алтынсарин атындағы №25 жалпы білім беретін мектептің интернет-ресурстарында орналастырылсын.

Мектеп директоры



Г.С.Мейрбекова